

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Аққайың ауданының ауылдық жерінде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 27 шілдедегі № 211 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 25 тамызда № 3879 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 19 наурыздағы № 64 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 19.03.2019 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексі 18 бабының 2) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27 бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Аққайың ауданының ауылдық жерінде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Аққайың ауданының ауылдық жерінде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі айқындау туралы" Аққайың ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 18 сәуірдегі № 100 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 19 мамырда №3755 тіркелген, 2016 жылғы 26 мамырда №23 аудандық "Колос" газетіне, 2016 жылғы 26 мамырда №23 аудандық "Аққайың" газетіне жарияланды) күші жойылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау "Аққайың аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аққайың
мәслихатының хатшысы
2016 жылғы 27 шілде

" К Е Л І С І Л Д І "
ауданының
С.Ө. Мұқанов

Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы әкімдігінің
2016 жылғы "27" шілдедегі
№ 211 қаулысына қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Аққайың ауданының ауылдық жерінде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдырының тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 14.05.2018 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Денсаулық сақтау мамандарының лауазымдары:
дәрігер;
мейірбике;
емдәм бикесі.
2. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:
үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлімшесінің басшысы;
қарттар мен мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
психоневрологиялық аурулары бар жасы 18-ден асқан мүгедек балаларға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
әлеуметтік жұмыс бойынша кеңесші;
жұмыспен қамту орталығының басшысы;
жұмыспен қамту орталығы құрылымдық бөлімшесінің маманы;
ассистент.
3. Білім беру мамандарының лауазымдары:
мемлекеттік мекеменің басшысы;
мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары;
мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы;
мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;
мектепке дейінгі білім ұйымы мемлекеттік мекеме басшысы;
мектепке дейінгі білім ұйымы қазыналық кәсіпорынның басшысы;

мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, арнайы (түзету) және мамандандырылған білім беру ұйымдарының барлық мамандықты мұғалімдері - жоғары, орта, деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

әлеуметтік педагог;

психолог;

тәрбиеші;

музыкалық жетекші;

мемлекеттік мекеме әдістемелік кабинетінің жетекшісі;

әдіскер;

шебер;

вожатый;

кітапхана меңгерушісі;

шеберхана меңгерушісі.

Логопед;

Бастауыш әскери дайындығының тәрбиеші-ұйымдастырушысы

Дене шынықтыру бойынша инструктор.

4. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

мемлекеттік мекеменің басшысы;

мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары;

мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы;

мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;

ауылдық маңызы бар мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысы;

ауылдық маңызы бар мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның бөлім басшысы;

аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің бөлім басшысы;

аудандық маңызы бар мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның бөлім басшысы;

кітапхананың меңгерушісі;

көркемдік жетекші;

әдіскер;

кітапханашы;

библиограф;

режиссер;

аккомпаниатор;

мәдени ұйымдастырушы;

хореограф.

5. Спорт мамандарының лауазымдары:

нұсқаушы;

шебер;

әдіскер;

жаттықтырушы.

6. Ветеринария мамандарының лауазымдары:

ветеринариялық стансаның басшысы;

ветеринариялық станса басшысының орынбасары

ветеринарлық дәрігер;

зертханашы;

малды жасанды ұрықтандыру техникі;

тұқымдық ісі бойынша техник;

ветеринарлық фельдшер.